

Павлодар облысының Екібастұз қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 16 қарашадағы № 819 қаулысы

Павлодар облысының Екібастұз қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысының Екібастұз қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.
2. Орталық мемлекеттік органдар, Павлодар облысының әкімдігі және мүдделі ұйымдар (келісу бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жылдың қорытындысы бойынша, 25 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша, 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 16 қарашадағы
№ 819 қаулысымен
бекітілген

Павлодар облысының Екібастұз қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары

Екібастұз қаласы – Қазақстанның аса ірі индустриялық және энергетикалық орталығы.

Өнеркәсіп Екібастұз өңірі экономикасының негізі болып табылады.

Өнеркәсіп құрылымында өндіруші сектор мен электрмен жабдықтаудың үлес салмағы ең жоғары. Облыстың өнеркәсіп өнімі көлемінде олардың үлесі 87 %-ды құрайды.

Тау-кен өндіру саласының жетекші кәсіпорындары "Бозшакөл тау-кен байыту комбинаты" ЖШС, "Богатырь Көмір" ЖШС, "ЕЭК" АҚ, "Восточный" разрезі, "

Ангренсор Энерго" ЖШС болып табылады. 2020 жылы 33,2 млн тонна кен, 62,5 млн тонна көмір өндірілді.

Энергетиканы екі қала құраушы кәсіпорын ұсынады: ГРЭС-1, ГРЭС-2, олар республиканың электр энергиясының 21,3 %-ын немесе облыстың 48,0 %-ын өндіреді. 2020 жылы 24,4 млрд кВтсағ өндірілді.

Экономикалық белсенді халық саны 83,5 мың адамды құрайды.

Бұл ретте алдағы бесжылдықта шешілуі қажет проблемалар бар:

1) өңірдің өнеркәсіптік бағдарлануына байланысты өзекті экологиялық проблемалар ;

2) өңірді сумен, жылумен жабдықтау мәселесі өткір. Бүгінгі күні су құбыры желілерінің тозуы 63,9 %-ды, кәріз желілерінің – 68,1 %-ды, жылу желілерінің – 83,9 % -ды құрайды. Соңғы уақытта авариялық жағдайлардың саны жиілеп кетті;

3) қаланың автомобиль жолдарын қайта жаңартуды және орташа жөндеуді жүргізу қажет. Қазіргі уақытта Екібастұздың жеке сектор көшелерінде асфальт төселмеген, онда шамамен 60,0 мың адам немесе қала халқы жалпы санының 40 %-ы тұрады;

4) 2021 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждар саны 5308 адамды құрайды, оның ішінде жетімдер – 457, көп балалы отбасылар – 263, әлеуметтік жағынан осал адамдар – 2905;

5) 2020 жылы қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткіші 2019 жылмен салыстырғанда 3,0 %-ға артты. Сондай-ақ, ана мен бала өлімі көрсеткіштерінің екі есе өсуі байқалады. Көрсеткіштер төмендеуінің негізгі себептері кадрлар тапшылығы және медициналық ұйымдардың жоғары тозуы болып табылады;

6) халықтың дене шынықтырумен және спортпен толық қажеттілігін қанағаттандыруға арналған спорттық инфрақұрылымның тапшылығы орын алып отыр;

7) 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтудың төмендігі. Бүгінгі таңда бұл көрсеткіш 49,7 %-ды құрайды.

Тұтастай алғанда, Кешенді жоспар өңірдің теңгерімді дамуын көздейді. Ол республикалық, жергілікті бюджеттер шеңберінде және басқа көздерді тарту есебінен қаржыландырылатын 114 ұйымдастыру және іске асыру іс-шараларынан тұрады.

Іс-шаралардың жалпы санынан 26 тармақты жеке инвестициялар есебінен (824928,4 млн теңге немесе қаржыландырудың жалпы сомасының 88,5 %-ы) және бір тармақты бюджеттен тыс қорлар есебінен іске асыру жоспарланады (9702,9 млн теңге немесе қаржыландырудың жалпы сомасының 1 %-ы);

75 іс-шараны республикалық және жергілікті бюджет есебінен іске асыру жоспарлануда (РБ – 64727,4 млн теңге немесе 6,9 %, ЖБ – 33485,6 млн теңге немесе қаржыландырудың жалпы сомасының 3,6 %-ы).

--	--	--	--	--	--	--

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушы-лар	Орындау мерзімі, жылдар	Болжанатын шығыстар, млн теңге*	Қаржыландыру көздері
-------	------------------	---------------	-----------------------	-------------------------	---------------------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
1. Қалалық ортаны жоспарлау						
1.	Екібастұз қаласының бас жоспарын бекіту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	әкімдік	2021	20,0	ЖБ
				2022	30,8	
2.	Екібастұз қаласының дизайн-кодын әзірлеу	мәслихат шешімі	әкімдік	2024	20,0	ЖБ
				2025	20,0	
3.	МҚК ААЖ дерекқорына енгізу үшін цифрлық жоспарлы негізді қалыптастыру мақсатында 1: 5 0 0 масштабтағы кадастрлық жоспар жасай отырып, құрылыс салынған аумақтағы жерасты және жерүсті коммуникацияларына түгендеу жүргізу (2724,17 га)	цифрлық топографиялық жоспар (кезекші карта)	әкімдік	2021 – 2022	203,9	ЖБ
2. Экономиканың нақты секторы						
2.1. Ғылыми кластер құру						
	Екібастұз қаласында көмір химиясы және көмір өнеркәсібі	Қазақстан Республикасы		2022	500,0	
					500,0	

4.	ғылыми-зерттеу орталығын құру	ның Үкіметіне ақпарат	әкімдік, ИИДМ, БҒМ	2023		БК
2.2. Өнеркәсіп және инвестициялар						
5.	Индустриялық аймақ аумағында іске асыру үшін инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру және бекіту	Павлодар облысы әкімдігінің қаулысы	әкімдік	2021 – 2022	талап етілмейді	
6.	ШОБ өкілдері үшін шағын индустриялық аймақтың ауданын ұлғайту	әкімдікке ақпарат	әкімдік	2022	10,0	ЖБ
7.	"Екібастұз" ҚС 1150-ге қосылатын жаңа 500/220/10 кВ ҚС салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	16000,0	БК
8.	Феррокорытпала р шығаратын үш зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	73888,0	БК
				2023	72518,0	
				2024	34613,0	
9.	Металлургиялық көмір электродтары н шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	2500,0	БК
				2023	2500,0	БК
10.	Жартылай кокс өндіретін зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	2500,0	БК
				2023	2500,0	БК
11.	Электр механикасы зауытын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	2500,0	БК
				2023	2500,0	БК
12.	Көмір өндіру мен тасымалдаудың автоконвейерлік		әкімдік	2021	29100,0	ЖИ

	технологиясы на көшу жөніндегі жобаны іске асыру	пайдалануға беру актісі		2022	16900,0	
13.	Жартылай жүк вагондарын шығаруды қайта бастау	өнім шығару	әкімдік	2021	талап етілмейді	
14.	Теміржол кластері кәсіпорындарының өнімдерін өндіруге ҚТЖ "ҰҚ" АҚ-мен ұзақ мерзімді шарттар жасасу	" шартқа қол қою	әкімдік, " ҚТЖ "ҰҚ" АҚ (келісу бойынша)	2021 – 2025	талап етілмейді	
15.	Техникалық кремний өндіретін зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	500,0	БК
				2022	9000,0	
				2023	14500,0	
				2024	30000,0	
				2025	12000,0	
16.	Доңғалақ жұптары өндірісін кеңейту	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	7600,0	БК
				2022	1900,0	
17.	Бұрандалар мен клеммалар шығаратын зауыт салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	8500,0	БК
18.	Бандаждар мен соғылған бұйымдар шығаратын кешен салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	2000,0	БК
				2022	20000,0	
				2023	47100,0	
				2024	1000,0	
19.	Жылыжай кешенін кеңейту	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2023	11000,0	БК
				2024	11000,0	
				2025	11000,0	
20.	"Екібастұз МАЭС-2 станциясы" АҚ-ның № 3 энергия блогын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік, " Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша)	2021	8209,0	БК
				2022	3030,0	
				2023	129041,0	
				2024	72182,0	
				2025	82989,0	

21.	"Б. Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1" ЖШС № 1 энергия блогын қалпына келтіру	пайдалануға беру актісі	әкімдік, "Самұрық-Қазына" АҚ (келісу бойынша)	2021	19000,0	БК
				2022	15000,0	
				2023	32456,0	
2.3. Кәсіпкерлік						
22.	"Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнес субъектілері үшін жетіспейтін инженерлік инфрақұрылымды жеткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҰЭМ, әкімдік	2022	2702,9	РБ
				2021	77,0	ЖБ
				2022	301,7	
				2023	30,0	
				2024	30,0	
				2025	30,0	
23.	"Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ҰЭМ, әкімдік	2021	5,0	РБ
				2022	5,0	
	"Бизнестің жол картасы – 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және	Қазақстан Республикасы	ҰЭМ,	2021	1500,0	
				2022	850,0	
				2023	850,0	
				2024	850,0	

24.	орта кәсіпкерлік субъектілерінің сыйақы мөлшерлемесі н субсидиялау және кредиттері бойынша кепілдік беру	ның Үкіметіне ақпарат	әкімдік	2025	850,0	РБ
25.	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін е шаралар көрсету	Қазақстан Республикасы ның Үкіметіне ақпарат	ҰЭМ, әкімдік	2021	200,0	РБ
				2022	200,0	
				2023	200,0	
				2024	200,0	
				2025	200,0	
26.	"Business Ertis" өңірлік жобасы бағыттарын іске асыру	ҰЭМ-ге ақпарат	әкімдік	2021 – 2025	талап етілмейді	
2.4. Агроөнеркәсіптік кешен						
27.	Жерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту, жыл сайын кемінде 20 мың га	Екібастұз қаласы әкімдігінің қаулысы	әкімдік	2021 – 2025	талап етілмейді	
28.	Суармалы жерлерді кезең-кезеңме н ұлғайту, 10,0 мың га	Екібастұз қаласы әкімдігінің қаулысы	әкімдік	2021 – 2025	талап етілмейді	
29.	Егіс алқаптарын жыл сайын кемінде 200 га кеңейту	АШМ-ге ақпарат	әкімдік	2021 – 2025	талап етілмейді	
	Дәнді дақылдардың жалпы					

30.	түсімін және түсімділігін 200 тоннаға ұлғайту	АШМ-ге ақпарат	әкімдік	2021 – 2025	т а л а п етілмейді	
31.	Қымыз және суытылған ет өндіретін ферма салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	85,0	БК
32.	Нан-тоқаш және макарон өнімдерін өндіретін кешен салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	130,0	БК
				2022	350,0	
33.	5,3 мың басқа арналған екі бордақылау алаңын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	1375,0	БК
				2023	1455,0	
34.	Әрқайсысында 100 аналық мал басы ІҚМ болатын "кілттегі" фермерлік шаруашылық тар желісін құру	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	250,0	БК
				2023	250,0	БК
35.	Өндірістік қуаты тәулігіне 2000,0 тоннаға дейінгі ет өңдеу комбинатын жаңғырту	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2025	1000,0	БК
36.	ІҚМ (жыл сайын кемінде 10 объект) мен ҰҚМ (жыл сайын кемінде 5 объект) өсіру жөніндегі фермерлік қожалықтар құру	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021 – 2025	т а л а п етілмейді	
	МАЭС-1 және МАЭС-2 салқындатқыш су қоймаларын					

37.	паспорттау және оларды жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы с у айдындарының тізбесіне қосу	Павлодар облысы әкімдігінің қаулысы	әкімдік	2021 – 2022	1,0	ЖБ
38.	МАЭС-1 және МАЭС-2 салқындатқыш с у қоймаларында торда балық өсіру шаруашылығын құру	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	169,0	БК
				2023	169,0	

3. Халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, экономикалық белсенділікті ынталандыру, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын құруға жәрдемдесу

39.	Жұмыссыздарды жұмыспен қамтылған адамдардың жекелеген санаттарын кәсіби қайта даярлау, біліктілігін арттыруды жүргізу (жыл сайын 45 адам)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	әкімдік	2021	10,4	ЖБ
				2022	19,4	
				2023	39,3	
				2024	39,3	
				2025	39,3	
40.	Жастар практикасын ұйымдастыру (жыл сайын кемінде 100 адам)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Еңбекмині, әкімдік	2021	59,8	РБ
				2022	50,5	
				2023	52,8	
				2024	55,2	
				2025	70,9	
41.	"Бастау Бизнес" жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту (жыл сайын кемінде 130 адам)	Еңбекминіне ақпарат	ҰЭМ, әкімдік, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	2021	30,0	РБ
				2022	30,0	
				2023	30,0	
				2024	30,0	
				2025	30,0	
	Өңіраралық оқу			2021	350,0	
				2022	350,0	

42.	орталығының базасында құзырет орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне акпарат	әкімдік, БҒМ	2023	350,0	БК
				2024	350,0	
				2025	350,0	
43.	"Дипломмен ауылға!" жобасы шеңберінде мамандар тарту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне акпарат	ҰӘМ, әкімдік	2021	61,3	РБ
				2022	64,3	
				2023	67,2	
				2024	70,2	
				2025	72,7	ЖБ
				2021	4,1	
				2022	4,3	
				2023	4,5	
				2024	4,7	
				2025	4,8	

4. Екібастұз қаласының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын қолдау

4.1. Білім беру

44.	2020 – 2021 жылдарға жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде Сәтпаев к-сі, 59 бойындағы 320 орындық балабақша ғимаратын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	Еңбекмині, БҒМ, әкімдік	2021	325,4	РБ
					478,3	ЖБ
45.	350 орындық балалар шығармашылығы орталығын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	350,0	ЖБ
				2023	817,0	
				2024	1617,0	
46.	20 мектепті күрделі жөндеу және жаңғырту	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	40,0	ЖБ
				2022	1011,2	
				2023	1218,0	
				2024	2101,2	
				2025	2833,0	

4.2. Денсаулық сақтау

47.	Білікті медицина кадрларын тарту жөнінде	Павлодар облысы				
-----	--	-----------------	--	--	--	--

	қосымша кешенді шаралар қабылдау	әкімдігінің қаулысы	әкімдік	2022	Талап етілмейді	
48.	Денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2024	900,0	ЖБ
				2025	600,0	
4.3. Мәдениет және спорт, жастардың бос уақыты						
49.	Мұз сарайын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2024	1500,0	ЖБ
				2025	1000,0	
50.	Тартан төселген 20 стрит-воркаут және 10 стритбол алаңын орнату	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	36,0	ЖБ
				2023	60,0	
				2024	60,0	
51.	"Шахтер" стадионының әкімшілік ғимаратын күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	31,7	ЖБ
52.	Мемлекеттік архивтің әкімшілік ғимаратын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2023	198,0	ЖБ
53.	Аумағын абаттандыра отырып, "Исабек Ишан Хазрет" музейін салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2024	125,0	ЖБ
54.	"Өнер" қалалық мәдениет орталығының үлкен залының сахнасын күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2024	300,0	ЖБ
	"Ауыл – Ел бесігі" жобасы			2024	324,0	

55.	шенберінде Байет және Қоянды ауылдарында ауылдық клубтар салу	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2025	380,0	РБ
56.	Қалалық орталық кітапхана ғимаратының қасбеті мен шатырын күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	70,0	ЖБ
57.	" ОРЕНКИТАП ХАНА" орталық қалалық кітапханасын жаңғырту ж ә н е реновациялау	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	80,0	ЖБ
58.	Екібастұз тарихи-өлкетану музейінің ғимаратын күрделі жөндеу және аумағын абаттандыру	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	85,0	ЖБ
59.	Ақкөл ауылдық округі Зеленая Роща ауылдық клубының ғимаратын күрделі жөндеу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	10,8	ЖБ

4.4. Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамыту

Жылумен жабдықтау

60.	Бас даму жоспарына байланыстыра отырып, жылу желілерін дамытудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	әкімдік	2023	30,0	ЖБ
-----	---	----------------------------	---------	------	------	----

61.	Қаланы жылумен жабдықтаудың баламалы жүйесін құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу	бекітілген ТЭН	әкімдік	2023	15,0	ЖБ
				2024	15,0	
62.	Магистральдық және орамішілік жылу желілерін реконструкциялау, 40,5 км	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	611,0	БК
				2022	614,5	
				2023	531,0	
				2024	609,2	
				2025	609,2	
63.	Жылу магистральдары мен орамішілік желілер салу, 7,2 км	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2022	2857,1	РБ
				2023	3420,0	
				2024	1932,7	
				2022	317,5	ЖБ
				2023	380,0	
				2024	214,8	
64.	Шідерті кентінде жылу желілерін салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	319,2	ЖБ
Сумен жабдықтау және су бұру						
65.	Сарықамыс және Зеленая Роща ауылдарында сумен жабдықтау жүйелерінің құрылысын аяқтау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2021	77,6	РБ
66.	Өлкей Марғұлан атындағы және Төрт-Құдық ауылдарында сумен жабдықтау жүйесін реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2021	398,8	РБ
				2022	454,3	
				2021	77,2	ЖБ
	Бозшакөл станциясында					

67.	су құбыры желілерін салу, 1,941 км	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	91,0	ЖБ
68.	Сутартқышты (диаметрі 920 мм, 1020 мм) реконструкци ялауды аяқтау , 10,6 км	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2021	423,6	РБ
					118,7	ЖБ
69.	М. Жүсіп көшесі бойындағы траншеялық емес тәсілмен (санация әдісі) кәріз коллекторын реконструкци ялау, 4,9 км	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2021	701,1	РБ
				2022	1603,0	
				2023	1552,0	
				2021	162,5	ЖБ
				2022	319,1	
70.	Магистральд ық тоғыз сутартқышты реконструкци ялау, 48,7 км	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2022	937,3	РБ
				2023	2265,4	
				2024	2505,4	
				2025	2569,6	
				2021	161,2	ЖБ
				2022	234,3	
				2023	566,4	
				2024	626,2	
				2025	642,4	
71.	Магистральд ық үш сутартқышты реконструкци ялауды аяқтау , 7,5 км	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	546,1	ЖБ
72.	Ду 300-500 мм коллекторлар ын реконструкци ялау (Матросов, Новоселов, Қонаев көшелері бойында)	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	29,0	ЖБ
				2022	202,7	
	Өңірлерді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған			2022	1594,0	РБ
				2023	1173,3	
				2024	4166,7	
				2022	83,9	

73.	мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2023	61,7	ЖБ
				2024	219,3	
74.	16, 17-шағын аудандарда жеке тұрғын үй құрылысына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу (электрмен жабдықтау, сыртқы сумен жабдықтау желілері)	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2023	2970,0	РБ
					330,0	ЖБ
75.	Қаланың шағын аудандарында сумен жабдықтау жүйесін реконструкциялау, 30,3 км	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2023	334,3	РБ
				2024	431,7	
				2023	83,6	ЖБ
				2024	107,9	
76.	Тазарту су құбырлары құрылыстарының № 1 және 2 сорғы станцияларын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2023	1944,0	РБ
					486,0	ЖБ
77.	Тазарту су құбырлары құрылыстары реагенттік шаруашылығының, хлор шаруашылығының, сүзгі станциясының блогын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2024	1280,0	РБ
					320,0	ЖБ
	Оңтүстік және солтүстік			2022	200,0	РБ
				2023	926,9	
				2024	741,5	

78.	аудандардың кәріз желілерін салу	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2022	50,0	ЖБ
				2023	231,7	
				2024	185,4	
Жолдар және абаттандыру						
79.	Мал қорымын салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	17,0	ЖБ
80.	Солнечный кентінде жарықтандыру желілерін салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	33,5	ЖБ
81.	Автодром салу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	104,6	ЖБ
82.	Автомобиль жолдарын реконструкциялау, 129,6 км	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2021	2077,0	РБ
				2022	2200,0	
				2023	2400,0	
				2024	2600,0	
				2025	2800,0	ЖБ
				2021	338,0	
				2022	248,2	
				2023	389,8	
				2024	277,5	
				2025	366,2	
83.	Автомобиль жолдарын орташа жөндеу, 30,6 км	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	294,4	ЖБ
				2023	180,8	
				2024	220,0	
				2025	240,0	
84.	"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде Қоянды ауылындағы кентішілік жолды орташа жөндеу, 6 км	орындалған жұмыстар актісі	ҰЭМ, әкімдік	2025	300,0	РБ
85.	"Шахтер" мәдениет және демалыс саябағын реконструкциялау	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2023	500,0	ЖБ
				2024	1000,0	
				2025	1000,0	
86.	Екібастұздың 50 жылдығы		әкімдік	2022	25,0	ЖБ

	атындағы саябақты абаттандыру	пайдалануға беру актісі				
87.	Қаланың 50 ауласын абаттандыру	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	386,7	ЖБ
				2023	376,6	
				2024	784,1	
88.	Автобустар арасындағы қозғалыс аралығын қысқарту мақсатында автобус паркін жаңарту	автобустар сатып алу	әкімдік	2021	180,0	БК
				2022	180,0	
				2023	180,0	
				2024	180,0	
				2025	180,0	
4.5.Тұрғын үй						
89.	23-шағын ауданда және "Ипподром" ауданында жеке тұрғын үй салуды инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын аяқтау, жылумен жабдықтау	пайдалануға беру актісі	ҰЭМ, әкімдік	2021	110,6	ЖБ
90.	Кезекте тұрғандар үшін 9 қабатты сегіз тұрғын үй салу (сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй)	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2021	2466,7	РБ
				2022	852,8	
				2021	1424,2	ЖБ
91.	"Ипподром" ауданында аз қабатты тұрғын үйлер салу (кредиттік)	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік, "Бәйтерек" ҰБХ (келісу бойынша)	2022	1351,3	БК
				2023	2425,8	
				2024	2568,7	
				2025	3357,1	
92.	Тұрғын үйлерді жаңғырту (20 үй)	пайдалануға беру актісі	ИИДМ, әкімдік	2021	67,3	РБ
				2022	180,0	

93.	"2021 – 2025 жылдарға Нұрлы жер" тұрғын үй-коммуналдық дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке құрылыс салушыларды тарту	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2021	700,0	БК
				2022	700,0	
				2023	700,0	
4.6. Цифрландыруды дамыту						
94.	Жобаларды іске асыру: - 112 қызметі - қоғамдық көлікте электрондық билеттеу	орындалған жұмыстар актісі	әкімдік	2021	25,0	ЖБ
				2022	25,0	
				2023	25,0	
				2021	50,0	БК
				2022	75,0	
				2023	50,0	
95.	Азаматтар көп жиналатын және құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасау қатерінің ықтимал көріністері бар жерлерде " SOS батырмалары" көмегін шұғыл шақыру құрылғылары н (кепілді электрмен қоректендіруді және деректерді беру арналарын қамтамасыз ете отырып) орнату мәселесін пысықтау	ІІМ-ге ақпарат	әкімдік	2021	талап етілмейді	
4.7. Қауіпсіздік және құқықтық тәртіп						
	Жедел басқару		әкімдік,			

96.	орталығын салу	пайдалануға беру актісі	ІІМ	2023	225,0	ЖБ
97.	Мобильді 3 полиция бекетін сатып алу	қабылдау-беру актісі	әкімдік	2022	87,0	ЖБ
98.	Ауылдық учаскеліктер үшін жабдықталған жұмыс орнымен біріктірілген қызметтік тұрғын үй сатып алу	пайдалануға беру актісі	әкімдік	2022	80,0	ЖБ
				2023	100,0	
99.	Учаскелік полиция инспекторлары мен ювеналды полиция топтары үшін 11 бірлік қызметтік автомашина сатып алу	қабылдау-беру актісі	әкімдік	2022	50,4	ЖБ
				2023	42,0	
100.	Солнечный кентінде 2 автокөлікке арналған өрт депосын салу	пайдалануға беру актісі	ТЖМ, әкімдік	2023	15,0	РБ
				2024	365,0	
101.	Мамандандырылған № 2 өрт бөлімінің өрт депосы ғимаратын күрделі жөндеу	орындалған жұмыстар актісі	ТЖМ, әкімдік	2023	20,0	РБ
				2024	200,0	
102.	№ 6 өрт бөлімінің өрт депосы ғимаратын күрделі жөндеу	орындалған жұмыстар актісі	ТЖМ, әкімдік	2023	5,0	РБ
				2024	50,0	
103.	Жедел құтқару жасағының құтқару бөлімшесінің ғимараттары мен	пайдалануға беру актісі	ТЖМ, әкімдік	2023	150,0	

	құрылыстары н реконструкци ялау					РБ
104.	14 дана телерадио хабарларын таратуды ұстап қалу жүйесін және дабыл-сөйлеу қондырғылар ын сатып алу	қабылдау-бер у актісі	ТЖМ, әкімдік	2024	101,1	РБ
5. Экологиялық проблемаларды шешу						
105.	Жыл сайын кемінде 4,2 мың дана ағаш пен бұта отырғызу	ЭГТРМ-ге ақпарат	әкімдік	2021	72,0	ЖБ
				2022	72,0	
				2023	72,0	
				2024	72,0	
				2025	72,0	
106.	Жасыл белдеуді қалыптастыру	Павлодар облысы әкімдігінің қаулысы	әкімдік	2022	25,0	ЖБ
				2023	25,0	
				2024	25,0	
				2025	20,0	
107.	Ұйымдастыр ылмаған қоқыс үйінділерін жою	ЭГТРМ-ге ақпарат	әкімдік	2021	12,2	ЖБ
				2022	12,2	
				2023	12,2	
				2024	12,2	
				2025	12,2	
108.	Атмосфералы қ ауаның жай-күйі туралы деректерді LED-экранға беру	орындалған жұмыстар актісі	әкімдік	2021	10,5	ЖБ
				2022	11,3	
				2023	11,9	
				2024	12,5	
				2025	13,1	
109.	Қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындар ының жаңа өндірістерді ашу кезінде қоршаған ортаны қорғау бойынша заманауи инновациялар мен технологияла рды қолдануы	ЭГТРМ-ге ақпарат	әкімдік	2021	500,0	ЖИ
				2022	500,0	
				2023	500,0	
				2024	500,0	
				2025	500,0	

110.	Қаланың электр станцияларын да күл шығарындыларын азайту үшін электр сүзгілеріне жыл сайынғы жөндеу жүргізу	ЭГТРМ-ге ақпарат	әкімдік	2021	239,8	БК
				2022	243,2	
				2023	245,0	
				2024	245,0	
				2025	245,0	
111.	Екібастұз қаласының дендрологиялық жоспарын әзірлеу	ЭГТРМ-ге ақпарат	әкімдік	2022	25,0	ЖБ
112.	Шідерті және Солнечный кенттерінде қатты-тұрмыстық қалдықтарды уақытша қоймалауға және сұрыптауға арналған алаңдар орнату	орындалған жұмыстар актісі	әкімдік	2023	180,0	ЖБ
113.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауды енгізу	ЭГТРМ-ге ақпарат	әкімдік	2021	17,1	ЖБ
				2021	25,0	БК
				2022	17,1	ЖБ
				2022	26,5	БК
114.	Қатты әсер ететін улы заттар шығарындысы мен байланысты авариялардың туындау салдарын барынша азайту үшін өзінің технологиялық процестерінде қатты әсер ететін улы заттарды	ТЖМ-ге ақпарат	әкімдік, ДСМ	2021		

пайдаланатын республикалық және коммуналдық меншіктегі кәсіпорындардың неғұрлым қауіпсіз реагенттермен қондырғыларға кезең-кезеңмен ауыстыру мәселесін пысықтау				талап етілмейді	
---	--	--	--	-----------------	--

* Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде әкімдік бюджет заңнамасына сәйкес қажетті құжаттаманы берген кезде нақтыланатын болады.

Қолдау көрсетілген жобалар бойынша қаржыландыру көлемі

Қаржыландыру көзі	2021	2022	2023	2024	2025	Жиыны
Республикалық бюджет	8 393,6	14 781,2	18 375,9	15 903,5	7 273,2	64 727,4
Жергілікті бюджет	3 734,1	5 377,9	6 691,5	10 789,1	6 893,0	33 485,5
Басқа көздер	77 779,8	169 902,5	321 470,8	153 247,9	112 230,3	834 631,3
Жиыны	89 907,5	190 061,6	346 538,2	179 940,5	126 396,5	932 844,3

2025 жылдың қорытындысы бойынша Кешенді жоспарды іске асырудан күтілетін нәтижелер:

Өнеркәсіп өндірісінің көлемін 1050 млрд теңге деңгейінде қамтамасыз ету жоспарлануда, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде – кемінде 20 %. Негізгі капиталға салынған инвестициялар сомасы 737,0 млрд теңгені құрайды, шамамен 2000 тұрақты жұмыс орны құрылады. Бұл көрсеткіштерге қол жеткізу, оның ішінде негізгі критерийі электр энергиясына бекітілген тариф болатын Екібастұз қаласының индустриялық аймағын құру нәтижесінде мүмкін болады. Ұзақ мерзімді перспективаға "KEGOC" АҚ-мен әлеуетті инвесторлардың көп санын тарту үшін өңірлік маңызы бар индустриялық аймақты кеңейту үшін 1000 МВт төмендету қосалқы станциясын салу жөнінде уағдаластық бар.

Шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шеңберінде жұмыс істеп тұрған субъектілер санын 8,5-тен 10,0 мың бірлікке дейін ұлғайту, өнім шығарудың өсуін 96,2-ден 133,0 млрд теңгеге дейін, сондай-ақ жұмыспен қамтылғандар санын 22,7-ден 27,0 мың адамға дейін қамтамасыз ету жоспарлануда, 16,5 мың жұмыс орны, оның ішінде 14,0 мың тұрақты жұмыс орны құрылатын болады.

Агроөнеркәсіптік кешенде жоспарланып отырған іс-шаралар:

- мал басын 16 %-ға арттыруға, демек, сүт және ет өндірісі арттыруға;
- жем-шөп базасының көлемін 10 %-ға, оның ішінде суармалы жерлерді ұлғайту есебінен;

- "Greenhouse Kaztomat" ЖШС жылыжай кешенінің толық жобалық қуатына шығуына байланысты ауыл шаруашылығындағы, атап айтқанда өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнім шығару көлемін 5 %-ға;

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің тапшылығын қысқарту және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында азық-түлік өнімдерін өндіруді 4700 млн теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Инженерлік және көлік инфрақұрылымында 129,6 және 30,6 км жолдарды реконструкциялау және жөндеу нәтижесінде тиісінше жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 95 %-ға дейін жеткізілетін болады, сондай-ақ тұңғыш рет қала тұрғындарының 42 %-ы үшін қолайлы және жайлы жағдайлар жасалатын болады.

Тұңғыш рет қалалық бағдарларда электрондық билеттеу жүйесі енгізілетін болады, автобус паркінің жаңаруы бүгінгі күні олардың жалпы санының 50 %-ына дейін құрайды.

Жолдардағы қауіпсіздік мәселелері "SmartCity" және "Қауіпсіз қала" жобаларын іске асыру шеңберінде шешілетін болады.

Кешенді жоспар аясында көппәтерлі 8 тұрғын үйдің құрылысы жоспарланған, бұл 45,0 мың шаршы метрден астам тұрғын үйді пайдалануға беруге, жетім балалар мен көпбалалы отбасыларды, сондай-ақ халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын және бүгінгі күні кезекте тұрған бюджеттік ұйымдардың қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте жеке тұрғын үй құрылысына, оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде кемінде 370 жер учаскесін беру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Кредиттік тұрғын үйді сатудан бюджет кірісіне түсетін салық түсімдері 20,0 млрд астам теңгені құрайтын болады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін желілердің тозуын азайтуға, жылумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жай-күйін жақсартуға, 152,4 мың адамды үздіксіз сумен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 11 жобаны іске асыру көзделген.

Денсаулық сақтау саласында денсаулық сақтау мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыру жоғары технологиялық медициналық қызметтердің қолжетімділігі нәтижесінде бала туудың өсуін және өлім-жітімді азайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бес жыл ішінде тұрғын үймен қамтамасыз етуге жәрдем көрсету есебінен шамамен 200 білікті маман тартылатын болады.

Білім беру объектілерін салу мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру саласында сапалы білім беру қызметтерін көрсетуде халықтың қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Жобаларды іске асыру есебінен шамамен 170 жаңа тұрақты жұмыс орны құрылады.

Мұз сарайын және басқа да спорт объектілерін салу дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушыларды қамтуды 40 %-ға дейін арттырады, 60-қа жуық жұмыс орнын қамтамасыз етеді, инфрақұрылымның жеткіліксіздігіне байланысты қала тұрғындарын, әсіресе жұмысшы жастарды спортқа тарту мәселесі өте өткір тұр.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру атмосфераға шығарылатын ластаушы заттарды жыл сайын азайтуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ өнеркәсіптік кәсіпорындардың қабылданған міндеттемелерді орындау бойынша жауапкершілігін арттырады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

"Атамекен" ҰКП	—	"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлік палатасы
АШМ	—	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
"Бәйтерек" ҰБХ	—	"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы
БҒМ	—	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
БК	—	басқа көздер
ДСМ	—	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
ЖБ	—	жергілікті бюджет
Еңбекмині	—	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ІІМ	—	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ИИДМ	—	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

"ҚТЖ" ҰК" АҚ	—	"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
РБ	—	республикалық бюджет
"Самұрық-Қазына" АҚ	—	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы
ҰЭМ	—	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ТЖМ	—	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі
ЭГТРМ	—	Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі
ІҚМ	—	ірі қара мал
ҰҚМ	—	ұсақ қара мал
ШОБ	—	шағын және орта бизнес
ЖШС	—	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
МАЭС	—	мемлекеттік аудандық электр станциясы
МҚК ААЖ	—	мемлекеттік құрылыс кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі